

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

15 қаңтар 2024 жыл

KASE Тобы 2025-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясын мақұлдады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесі (KASE, Биржа) және "KASE Клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесі (бұдан әрі бірлесіп – KASE Тобы) KASE Тобының 2025-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясын (Стратегия) бекітті. **Стратегия биржалық және клирингілік қызметтер спектрін кеңейту, топ командасының жоғары клиентке бағдарлануы мен кәсібилігі есебінен Орталық Азияның биржалық нарықтарындағы топтың көшбасшылық позицияларын қамтамасыз етуге бағытталған.**

Стратегияның негізгі бағыттары негізгі бизнестің өсуі, жаңа өнімдер мен қызметтерді ұсыну, IT инфрақұрылымын жетілдіру болады.

Стратегия қазіргі заманғы сын-қатерлерді ескере отырып, 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясының курсы жалғастырады.

Биржаның 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы қаржылық инклюзивтілікті тереңдетуге – инвесторлардың әртүрлі санаттары үшін неғұрлым қолжетімді және алуан түрлі өнімдерді ұсынуға; капитал нарығының инфрақұрылымын дамытуға – қолданыстағы нарықтарды жақсартуға және эмитенттер мен инвесторлар үшін құралдарды кеңейтуге; инновациялық технологияларды енгізуге және цифрландыруға бағытталған.

Үш жыл ішінде барлық нарықтардағы сауда-саттық көлемі 2,2 есеге өсіп, 2024 жылдың қорытындысы бойынша 389,1 трлн теңгеге жетті. Акциялар нарығын капиталдандыру 14,3 %-ға ұлғайып, 32,9 трлн теңгені құрады. 2025 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE индексі 5 578,10 тармақты құрап, 2022 жылдың басынан бері 52 %-ға өскенін көрсетті.

Маңызды нәтижелерге бөлшек инвесторларды тарту есебінен инвесторлық базаны кеңейту, IPO/SPO сәтті өткізілген, саудаланатын құралдар тізімін кеңейту, жаңа эмитенттер - ШОБ және микроқаржы ұйымдарын тарту және ұсынылатын сервистердің сапасын тұрақты арттыру бойынша жүйелі жұмыстардың арқасында қол жеткізілді.

Жаңа Стратегияда KASE Тобы үстем нарықтардағы көшбасшылық позицияларды сақтауға, сондай-ақ жаңа эмитенттер мен инвесторларды тарту есебінен МБҚ, акциялар, шетелдік акциялар нарықтарының өтімділігін арттыруға, жаңа үрдістерді ескере отырып, биржалық өнімдер желісін одан әрі кеңейтуге назар аударады.

Іске асырылған стратегияның негізгі жетістіктерінің бірі "KASE Клиринг орталығы" АҚ қазақстандық капитал нарығының жаңа инфрақұрылымдық ұйымын іске қосу болды. Жаңа инфрақұрылымдық ұйым отандық қор нарығының тереңдетілуін және өтімділігінің артуын көрсетеді, өңірдің Биржадан тыс және биржалық нарықтарында қызметтер көрсету үшін мүмкіндіктер жасайды, шетелдік инвесторларды тартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, клирингілік орталық бизнес-процестерді үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сәйкестендіруді және халықаралық тануды алуды жалғастырады.

KASE Тобы тұтастай алғанда қаржы секторын дамытудың ашықтығының, сенімділігі мен тиімділігінің кепілі ретінде әмбебап отандық биржалық инфрақұрылымды дамытуды жалғастырады. KASE Тобының компаниялары ақпаратты ашу саласындағы еуропалық реттеу тарапынан танылды, ISO 9001 және 27001 стандарттарына сәйкес бизнес-процестерді сертификаттаудан өтті, А+ деңгейінде Клирингілік орталықтың операциялық рейтингі алынды

және қаржы реттеушілері қауымдастығы (IOSCO PFMI) анықтаған қаржы нарығының инфрақұрылымдары үшін қағидаттарға сәйкестігі расталды.

Жаңа Стратегия шеңберінде KASE Тобы әлемдік стандарттарға толық сәйкестікке, рейтингтік бағаларды арттыруға және әлемдік жіктеуіштердегі Қазақстан Республикасының қор нарығының мәртебесін арттыруға ұмтылатын болады.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін KASE тобы технологиялық жаңғырту және инновациялық даму, сондай-ақ IT-сервистердің тиімділігін арттыру сияқты IT инфрақұрылымды одан әрі дамыту бойынша жұмыс жүргізетін болады. Сондай-ақ, AI, Cloud және Blockchain көмегімен инновациялық шешімдерді әзірлеу және сынау бойынша R&D жобаларын жүргізу жоспарлануда.

KASE ESG ақпаратын ашу стандарттарын ілгерілетуде, отандық қор нарығында тұрақты қаржыландыруды дамытуда шешуші рөл атқарады. 2024 жылдың қарашасында KASE Net Zero Financial Services Providers Alliance мүшесі болды, бұл биржаның көміртекті бейтараптыққа жаһандық көшуге және тұрақты қаржылық инфрақұрылымды құруға жәрдемдесу міндеттемесін көрсетеді. Альянс шеңберіндегі KASE жұмысының негізгі бағыттарының бірі көміртегі шығарындылары туралы деректерді ашық ашуға арналған құралдар мен стандарттарды дамыту, ESG қаржыландыруды ілгерілету, Биржаның меншікті көміртегі ізін қысқарту болады.

KASE Тобы 2025-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясы шеңберінде қазақстандық қаржы секторын дамытудың ашықтығы, сенімділігі мен тиімділігінің кепілі ретінде биржалық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі өз миссиясын жалғастырады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ – қор, ақша, валюта және мерзімді нарықтарды біріктіретін ірі қазақстандық биржа қаржы индикаторларының операторы және биржалық ақпарат провайдері болып табылады. KASE алаңының әмбебаптығы сауда-саттыққа қатысушылар мен олардың клиенттеріне өтімділікті басқару үшін ең жақсы жағдайларды қамтамасыз етуге және инвестициялық стратегияларды іске асыруға мүмкіндік беретін түрлі қаржы құралдарымен бірнеше нарықта операцияларды белсенді жүргізуге мүмкіндік береді.

"KASE Клиринг орталығы" АҚ – клирингілік және есеп айырысу функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ барлық KASE нарықтарында орталық контрагенттің қызметтерін ұсынатын Қазақстан қор биржасының еншілес ұйымы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.